

Жаңы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жаңы аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 5С-14-3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 сәуірде № 3705 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жаңы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 19 ақпандағы № 5ВС-35-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жаңы аудандық мәслихатының 19.02.2015 № 5ВС-35-8 (қол қойылған күнінен бастап қүшіне енеді және қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, "Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қаулысына сәйкес, Жаңы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Беріліп отырған Жаңы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы бекітілсін.

2. Жаңы аудандық мәслихаттың "Жаңы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-4-3 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 1-13-156 тіркелген, 2012 жылғы 1 маусымында "Жаңы жаршысы" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қүшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жаңы аудандық мәслихатының	
сессия тәрайымы	Е.Алешина
Жаңы аудандық	
мәслихатының хатшысы	Б.Жанәділов
КЕЛІСІЛГЕН	
Жаңы ауданының әкімі	И.Қабдуғалиев

Жаңы аудандық мәслихатының
2013 жылғы 29 наурызда
№ 5С-14-3 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

Жаңы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету ҚАҒИДАСЫ

Осы Жаңы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы (бұдан әрі - Қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" (бұдан әрі - Стандарт) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 қаулысына сәйкес әзірленді және Жаңы ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың мөлшерін және тәртібін анықтайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жаңы аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 5ВС-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ереже

1. Тұрғын үй көмегі аудандық бюджет қаржаты есебінен Жаңы ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

2) тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

3) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге беріледі.

Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, тұрғын үй көмегін көрсету жөніндегі шаралар қолданылатын, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға, коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын шығуы мүмкін шығындар үлесінің шегі отбасының жиынтық табысының 11 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 16.04.2014 № 5ВС-27-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Жақсы ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындейтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп ұстауға арналған коммуналдық қызметтер ақысын төлеу.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 16.04.2014 № 5ВС-27-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. Тұрғын үйді күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген көлемнің нормасынан жоғары болса, төлем жалпыға бірдей негізде жүргізіледі. Өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы бір адамға он сегіз шаршы метр болып қабылданады. Жалғыз тұратын азаматтар үшін өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы отыз шаршы метр.

4. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша өкілетті орган "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі болып анықталды.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу

5. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), жеке меншігінде бір бірліктен артық үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын жайды жалға берген (қосымша жалға) отбасылар (азаматтар), сонымен қатар отбасында еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқу орнының күндізгі бөлімінде оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген (күтімге мұқтаж тұлғаларға күтім көрсететіндерден басқа) мүшелері бар отбасылардан басқаларға тағайындалады.

6. Коммуналдық тұрғын үйде тұратындар үшін жылытуға шығын жоспарлы есептеу бойынша алынады, әрі нақты төлеген төлем бойынша қайта есептеледі.

7. Пешпен жылытылатын жеке үйде тұратындарға тұрғын үй көмегі жылына бір рет көрсетіледі, сонда отын нормасы біржолғы деп алынады. Отын шығыны айына 1 квадраттық метрге 49,75 килограмм көлемінде есептеледі, алайда отбасыға жылына бес тонна көмірден артық емес.

Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегін алдағы тоқсанға тағайындау еткен тоқсандағы Жақсы ауданының статистика басқармасы ұсынған аудан бойынша орта бағасы пайдаланылады.

8. Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

Тұрғын үй көмегінің көлемі тұрғын үйдің күтіп ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтынуға нақты есептелген төлеу сомасынан артық болуы мүмкін емес.

Тұрғын үйдің күтіп ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеу тарифі өзгергенде, отбасының кірісі өзгергенде тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеу жүргізеді.

9. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесінің немесе жалдаушының (қосымша жалдаушының) өтініші Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қажетті құжаттардың тізбесі 2 бөлімдегі 9 тармақтағы Стандарт бойынша анықталады.

Ескерту. 9-тармаққа жаңа редакцияда - Ақмола облысы Жақсы аудандық

мәслихатының 12.11.2014 № 5BC-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. алынып тасталды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 5BC-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

11. алынып тасталды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 5BC-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. алынып тасталды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 5BC-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. алынып тасталды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 16.04.2014 № 5BC-27-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. алынып тасталды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 12.11.2014 № 5BC-32-2 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі он құнтізбелік күн ішінде қарастырып тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімді шығарады.

16. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы немесе бас тарту туралы хабарлама "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүргінген кезде тікелей өзі баруы немесе пошталық хабарлама арқылы жасалады.

17. Тұрғын үй көмегін тағайындаудан бас тарту туралы шешімді "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған төлемдер, коммуналдық қызметтер мен телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақы өсуі бөлігінде байланыс қызметтері үшін, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу отбасының осы мақсаттарға белгіленген шығыстарының жол берілетін шекті деңгейінен аспайтын болса шығарады.

18. Ұсынылған ақпараттың сенімділігіне күдік туындаған жағдайда "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тексеріс жүргізуге өкілетті органдарға өтініш білдіреді. "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңсыз немесе жоғары тұрғын үй көмегін тағайындалуына әкелген әдейі жалған мәліметтер берілсе, заңсыз тағайындалған соманы меншік иесі (жолдаушы) өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда сот арқылы

қайтарылады.

19. Аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі төлемдерін "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен екінші деңгейдегі банк арқылы, алушының өзі таңдаған екінші деңгейдегі банктегі немесе банк операцияларының тиісті түріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдағы жеке шотының деректерін көрсете отырып берген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық кірісін есептеу

20. "Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы табыстарынан Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері Агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" Бұйрығы негізінде есептеледі.